

## Субъектінің дербес деректердің өңделуіне келісім беруі

Мен, яғни «Счастливый взгляд» оптика салонының клиенті, «Счастливый взгляд» интернет-дүкенінің клиенті (бұдан әрі – «Субъект») өз еркіммен және өз мүддем үшін ерікті түрде, сондай-ақ өзімнің әрекетке қабілеттілігімді растаумен әрекет ете отырып, "OneOptic (УанОптик)" ЖШС-ға (БСН 220340037906) (бұдан әрі – «Оператор») өзімнің дербес деректерімді төмендегі шарттарға сәйкес жинауға, өңдеуге, үшінші тұлғаларға таратуға (қосымша ескертусіз) және трансшекаралық таратуға толық келісімімді беремін:

1. Субъектінің Келісім беруі деп оның төмендегі іс-қимылдарды жүзеге асыруы табылады:

- «Счастливый взгляд» оптика салонының клиенттері үшін: Оператордың қызметкеріне Субъектінің телефон нөміріне келген кодты (кездейсоқ тәртіппен таңдалатын және Субъект көрсеткен телефон нөміріне жіберілетін сандардың жиынтығын) хабарлауы.

- <https://happylook.kz> сайтында жайғастырылған «Счастливый взгляд» интернет-дүкенінің клиенттері үшін: «Дербес деректердің өңделуіне келісім беру» чек-боксында қанатша белгісін қою.

Субъект кодты атаумен және/немесе чек-бокста қанатша белгісін қоюмен ұсынылған дербес деректерінің шүбәсіз екендігін және оларды Оператордың көрсетілген мақсатқа сәйкес өңдеуіне болатынын растайды.

2. Субъект 1-тарм. көрсетілген іс-қимылдарды жасау арқылы өзінің осы Келісімді мұқият және толық көлемде оқып шыққанын, Келісім мәтінінің оған түсінікті екенін растап және мойындайды.

3. Келісім Субъектінің келесі дербес деректерін өңдеуге арнап беріледі: тегі, есімі, әкесінің есімі, туған күні, жынысы, байланысуға арналған телефон нөмірлері, электронды пошта мекенжайлары, денсаулық жағдайы, диагнозы, көрсетілген медициналық қызметтер туралы деректер.

4. Субъект Субъектіні сәйкестендіру мақсатында оның дербес деректерін өңдеуге, сату-сатып алу, тұрмыстық мердігерлік шартын орындау, ақылы медициналық қызметтерді ұсыну, Оператордың іс-әрекеттеріне қатысты хабарламаларды, сұратулар мен ақпаратты жіберу, сондай-ақ Субъектінің сұратулары мен өтінімдерін өңдеу, Оператордың арнайы ұсыныстары туралы материалдар мен ақпаратты жіберу, оның бонустық бағдарламаларына қатысу, дербес деректер Субъектісінің мүддесін талдау, сатылатын тауарлардың және көрсетіліп отырған қызметтердің сапасы туралы сауалнама жүргізу мақсатында Субъектімен өзара іс-қимыл жасауға келісімін береді. Дербес медициналық деректерді өңдеу медициналық жәрдем көрсету мақсатында ғана жүзеге асырылады.

5. Субъектінің дербес деректерге қол жеткізуді, оларды өзгертуді, толықтыруды, иеліктен шығаруды және жоюды қамтамасыз ету туралы өтініші [loyalty@happylook.ru](mailto:loyalty@happylook.ru) электрондық поштасы немесе 8-800-004-19-26 телефоны арқылы беріледі.

6. Оператор дербес деректерді көпшілікке қолжетімді дереккөздерде таратпайды.

7. Осы келісімнің күшін сақтау мерзімі шектелмеген немесе ол Субъектінің оның күшін жойған сәтіне дейін күшінде болады.